

«Ақсу негізгі мектебі» КММ

«Жас Ұлан» ұйымының  
2022-2023 оқу жылының жылдық  
есебі

Аға тәлімгер: Канапин Д.А.

## «Жас Ұлан» ұйымының 2022-2023 оқу жылының жылдық есебі

2022 жылдың 1 қыркүйегінде Ақсу негізгі мектебінде жаппай сынып сағаттары ұйымдастырылды. "Менің саяхатым" тақырыбында сынып жетекшілер сынып сағаттарын өткізді.

**Мақсаты:** Отанға деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.

Шара барысында оқушылар «Тәуелсіздік жетістіктері» презентациясын тамашалады., Қазақстан туралы өлеңдер оқыды, тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы туралы әңгімеледі.



30 қыркүйек күні Ақсу негізгі мектебімізде ұстаздар күні аталып өтті. Мерекеге өзін-өзі басқару ұйымы белсене қатысып, ұстаздарға арналған мерекелік газеттер шығарды. Шәкірттер санасына білім сәулесін шашып, ғылымның шырағын жағып жүрген ұлағатты ұстаздарға ақ тілектер мен ыстық ықылас білдірген білім ордасының оқушылары мерекелік концерт ұйымдастырып, жиылған қауымға ерекше көңіл-күй сыйлады.

Білім мен ғылымға арнаған істеріңіз абыройлы болып, құрметтеріңіз әрдайым арта берсін! Болашақтың тұғыры жастарымыз білімді де іскер болсын! Тәуелсіз еліміз көркейіп, өркендей берсін!

Мерейлі мерекелеріңіз құтты болсын, қымбатты Ұстаздар!



"Қарттар күні" науқаны аясында мектебімізде ауылдың 25 қарт тұрғыны үшін мерекелік түскі ас ұйымдастырды. Мектеп оқушылары ардагерлерге денсаулық пен ұзақ өмір тіледі. Ал денсаулығына байланысты келе алмайтын қарттардың үйіне барып құрмет көрсетіп, сыйлықтар жасалды.



Қариясы бар елдің қазынасы бар. Қарттарымыз еліміздің көзі тірі шежіресі. Ел дамауына өмір бойы тер төккен ардагерлер. Сондықтан бүгінгі ұрпақ қариялардың алдында қарыздар. Осы қасиетті парызды ұмытпай қарияларға құрмет көрсету үшін, Ақсу негізгі мектебінде «Қарты бар ел - қазыналы ел» мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылды.



14 қазан күні 5-9 сынып оқушылармен "Сыбдыры сұлу алтын күз" мерекесі өтті. Оқушылар күз мерекесіне арналған әндер айтып, сахналық көріністер көрсетіп, өз өнерлерін ортаға салды. Мақсаты: балалардың күз туралы түсініктерін бекіту, жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін байқату, табиғатты аялауға, қоршаған ортаны, Отанды сүйуге, әдемілікті көре білуге, сезінуге тәрбиелеу.





14 қазан күні 5-9 сынып оқушылармен "Сыбдыры сұлу алтын күз" мерекесі өтті. Оқушылар күз мерекесіне арналған әндер айтып, сахналық көріністер көрсетіп, өз өнерлерін ортаға салды.

Мақсаты: балалардың күз туралы түсініктерін бекіту, жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін байқату, табиғатты аялауға, қоршаған ортаны, Отанды сүйуге, әдемілікті көре білуге, сезінуге тәрбиелеу.



14 желтоқсан "Ежелгі дәуірден тәуелсіз Қазақстанға" атты тақырыпта бастауыш сынып оқушыларына бейнематериал көрсетілді. Тарихы тереңде жатқан елдің жаңа заманда өз алдына қайта егеменді ел болған күні. Тәуелсіздік күні әр жылдың 16 желтоқсанында аталып өтеді. Бұл күн мемлекеттік деңгейде аталып өтеді. Оқушыларға желтоқсан құрбандарын мәңгі есте сақтау, жас ұрпақ бойында еліне, жеріне, ұлтына деген патриоттық сезімін қалыптастыру. Желтоқсан оқиғасының арқасында армандаған егемендікке қол жеткізгенімізді, осы тәуелсіздікке жету жолында талай боздақтарымыздың жалған айыппен шейіт болғандарын оқушыларға түсіндіру.

Ел тәуелсіздігіне 31 жыл толу қарсаңында Ақсу негізгі мектебінің оқушылары арасында "Тәуелсіздік -ел тірегі" атты сурет байқауы ұйымдастырылды. Оқушылардың адамгершілік, патриоттық, азаматтық жауапкершілік сезімдерін ояту. Отанын, жерін, елін сүйуге тәрбиелеу. Оқушылардың шығармашылығын дамыту және көпшілікке насихаттау ықпал ету.



Республикалық Біріңғай «Жас Ұлан», «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымы Республикалық Қоғамдық бірлестігінің қатарына мектеп оқушыларын қабылдау рәсіміне арналған салтанатты жиыны өтті. «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымына 1 сынып оқушылары және «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына 5 сынып оқушылары қабылданды.

Біріңғай «Жас Ұлан», «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымына салтанатты түрде қабылдау рәсіміне ардагер ұстазымыз Жилкайдарова Орал Жаксыбаевна, мектеп директоры Нургалиева Жамиля Есимовна және бастауыш сынып мұғалімі Смаилова Ляйля Каиркеновна оқушыларға туымыз түстес көгілдір галустук пен төсбелгілерін тасбыстады.



23 желтоқсан күні балалар жылының аяқталуына орай "Бақытты балалық шақ" атты мектеп оқушыларымен "Түстер кеші" ұйымдастырылды. Мектеп оқушылар әртүрлі түсті киім киіп, дастархан жайды. Сонымен қатар өнерлерін көрсетті. Іс-шараның негізгі бөлімінде оқу ісінің меңгерушісі Абишева А.К оқушылардың алған жетістіктері үшін берілген алғыс хаттары мен грамоталарымен марапаттады. Мектеп директоры оқушыларға демеушілер сыйлаған сыйлықтарды табыстады.





29 желтоқсан күні "Қош келдің жаңа жыл" атты мерекелік іс-шара өтті. Мақсаты: Қыс мезгілінде болатын балалардың сүйікті мерекесімен таныстыру. Мерекелік көңіл күйлерін ояту. Әр баланың мерекеге қатысуын қадағалап, мерекені балалардың естерінде қалатындай етіп өткізу, достық қарым-қатынас орнату көзделді. Балалар Жаңа жыл, қыс мезгілі туралы тақпақтарын нақышына келтіре айтып, хормен "Шырша", "Жаңа жыл" әнін орындады. Сондай-ақ Ақшақар биін билеп өте қызықты ойын түрлерін көрсетіп, өз өнерлерін паш еткен бүлдіршіндер Аяз ата дорбасынан сыйлық тәттілерін алып мерекелік жақсы көңіл күймен аяқталды.



15 ақпан күні Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығуына 34 жыл толуына орай ауған соғысының ардагері Есемсеитов Ғабит ағамызбен кездесу ұйымдастырылды. Мектеп оқушылары шағын мерекелік қойылым қойып, ағамызға ауған жерінде болған кездері жайлы білу мақсатында сұрақтар қойды. Ғабит ағамыз келешек ұрпаққа, елімізге тыныштық тілеп, өз батасын берді.



Көктемнің алғашқы күні, 1 наурызда Қазақстан халқы алғыс айту күнін атап өтеді. 2016 жылы тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқы ассамблеясының мәжілісінде 1 наурызды алғыс айту күні деп бекітті.

Қазақ кең болсаң, кем болмайсың деген әрқашан. Сол мінездің арқасында өзінің ғана емес, өзгенің де көңілін тауып келеді. Кішпейілділік, кешірімді болу, алғыс айта білу секілді қазақ қасиеттер де бойымызға дарыған. Сондықтан, көктемнің алғашқы күні алғыс айту мерекесінде ең алдымен айналамыздағы адамдармен жақын болуымыз керек.

Осы мерекеге орай мектебімізде "Алғыс айту парызым" атты мерекелік іс-шара өтті. Мектеп оқушылары ата-аналарына, ұстаздарына, достарына, сыныптастарына, жалпы баршаға алғыстарын білдірді. Алғыс күнін пайдалана отырып ұстаздар мен мектеп ұжымы атынан мектеп директоры Нургалиева Ж.Е мектебіміздің түлегі, бірнеше облыстық байқаулардың жеңімпазы Мусина Гаухар Елтайқызын Алғыс хатпен және естелік сыйлықпен марапаттады. Мектебімізден осындай білімді, алғыр оқушылар шыға беруіне тілектеспіз!



7 наурыз күні халықаралық әйелдер күні қарсаңында нәзік жанды қыздардың, аналардың, әжелеріміздің құрметіне "Өмір сыйлаған Ана" тақырыбында мерекелік іс шара ұйымдастырылды. Білім ордасында талай жыл еңбек етіп келе жатқан нәзік жандылар кәсіподақ ұйымының Құрмет грамотасымен марапатталды. Мектеп оқушылары барша көрерменге өздерінің бар өнерлерін салып ән айтып, өлең жолдарын арнап, қойылым қойып көңілдерін көтерді.





Наурыз келді, елімнің берекесі,  
 Жаңа жылы қазақтың мерекесі.  
 Шаңырағы биіктеп күнге жақын,  
 Ұланғайыр керілісін керегесі.

2023 жылдың наурыз айының 17-сі күні Ақсу негізгі мектебінде  
 22 наурыз - Ұлыстың ұлы күніне арналған «Армысың, әз Наурыз!»  
 атты мерекелік іс-шарасы өтті.

Аталған шараны мектеп директоры Нұрғалиева Жамиля Есімқызы құттықтау сөзімен ашып берді. Көктем лебін сездірген әуезді әндер, мың бұралған бишілер, мектеп мұғалімдері мен оқушылары кештің көркін кіргізді. Кеш соңында аталарымыз бен әжелерімізден бата алып, келген қонақтар мен ата аналарды ұлыс күнгі ұлттық ас - наурыз көжеден дәм татуға шақырды.



5 мамыр Ақсу негізгі мектебінде "Ерлік – елге мұра, ұрпаққа ұран"  
 атты Жеңіс күніне арналған салтанатты жиын өтті.


Мақсаты: Ұлы Жеңістің 78 жылдық мерекесіне орай оқушыларды өз Отанын,  
 елін, жерін сүйуге, қаһарлы күндердегі халқымыздың үлгі тұтарлық қасиетін  
 мақтан ете отырып, тәуелсіз еліміздің туын биікке көтеруге, Қазақ елінің  
 майданда және тылда көрсеткен ерен ерлігін құрметтеп, жас ұрпақты  
 ұмытпауға, елжандылыққа, Отанын қорғай білуге тәрбиелеу.



«Ерлік - елге мұра, ұрпаққа ұран» тақырыбында мерекелік тізіліс болып, мектеп директорының орынбасары Абишева Айман Қасымқызы құттықтап сөз сөйледі. Тізілісте ҚР әнұраны орындалып, соғыста қаза болған Кеңес Одағының батырлары, сондай-ақ, ардагерлеріміздің аттары аталып, 1 минуттық үнсіздік жарияланды. Мерекелік тізіліс соңы патриоттық әндермен жалғасын тапты. Жиын барысында соғыс ардагерлерінің ерен еңбектері айтылып, залға қойылған соғыс жәдігерлері оқушыларға үлкен әсер қалдырды. Мектеп алдындағы обелиск маңы абаттандырылып, тазарту жұмыстары жүргізілді.



1 маусым күні мектебімізде "Сыңғырла соңғы қоңырау!" атты іс шара өтті. Іс-шараны 8-9 сынып қыздары қазақша бимен ашты, ортамызға мектеп түлектерін шақырып, мемлекеттік Әнұран орындалды. Оқу ісінің меңгерушісі Абишева А.К мектеп бұйрығымен таныстырды. Оқу озаттары мен оқу екпінділері грамоталармен марапатталды. Іс шара 4 және 9 сынып оқушыларының мерекелік концертімен жалғасты.



Аға тәлімгер: Канапин Д.А.